




Мархабат Байғұт
Әкімнің әйелі


Оқырмандарға ұсынып отырған «Әкімнің әйелі» әңгімесі 2018 жылы өзбек тіліне аударылып, «Жаһон адабиети» журналында жарияланған.

Кітап оқырман айрықша ықыласпен қабылдаған, газет-журналдарда жарық көрді.

Сартқожаұлы Қаржаубай
Орхон ескерткіштерінің толық атласы

Еуразия субконтинент алып аймағында «Мәңгілік Ел» орнатуды мұрат етіп, үш ғасыр бойы жүргізген байырғы түріктердің қайталанбас тарихи-мәдени және рухани құндылықтары «Орхон ескерткіштер атласында» қамтылды.





Алишер Рахат Параллель


Ол менің жанымның әлсіз тұсын білетін. Мен де оның жарасын білемін. Ол – атом бомбасын жарып жіберіп, бүкіл әлемді күл-талқан ететін батырма секілді еді. Соңғы рет қоштасқанда бірге бастық. Бәрі бітті. Біз бөтен адамға айналып, жаңа өмір бастадық. Біраз уақыттан кейін жүрегімнің терең түкпірінен оған деген сезімдерімді тауып алдым. Кезінде ақыл-есімді билеген әмірші сезімім бұрышта тығылып жылап тұрды.

Мусаев Уразбай Сусыма

Балаларға арналған ертегілер кітабы. Үлкен де, кіші де көп нәрсені өмірден үйренеді, өйткені күнделікті тіршілікте ағаттықтар мен кемістіктер жеткілікті.

Автор соларды талдап, жақсы мен жаманын ажырата білуді меңзейді..






Тұрсынәлі Рыскелдиев Өсиет

Балаларға арналған шығармалар жинағы. Қаламгер балаларды ізгілікке, адамгершілікке баулиды.

Нығмет Төлендіұлы Қазақтың Шерлок Холмсы

Оқырмандарға ұсынып отырған «Қазақтың Шерлок Холмсы» кітабына енген деректі повестердің сюжеттеріне автор көзімен көріп, сотта өзі үкім шығарған шытырман қылмыстар арқау болған.





Қайрат Сәки Сұлтан Бейбарыс

Кітап қыпшақ мәмлүктердің аты аңызға айналған басшысы Бейбарыстың XIII ғасырда әлемдік өркениеттер мен діндердің бесігінде – Египет пен Сирияда қуатты түркі мемлекетін құрғандығы туралы.

Қошым-Ноғай Байбота Жасыл бояу қайдан табылды?

Қиялы ұшқыр әрбір адам бала күнінде естіген ертегілеріне қарыздар. Ертегі алыс арманға жетелейді, өзінің аллегориялық астарымен тағылым береді.

Көрнекті қазақ ақыны Байбота Қошым-Ноғайдың бұл кітабына еніп отырған ертегілерінің оқиғалары қызықты, түйіндері тосын. Көркем кестелі әр туынды өзінің жаңашылдығымен де кішкентай оқырмандарын еліктіре түседі.





Тілеуғазы Бейсембек Жұпары жиде гүлінің

Ақынның бұл жинағына жыр циклдары, балладалары мен поэмалары топтастырылды. Ақын өз шығармаларында адамгершілікті, достықты, адалдықты жырлайды. Бұрынғы жинақтарымен әдебиетші қауымның жақсы бағасын алып жүрген ақынның бұл жинағы да көпшіліктің көңілінен шығады деп сенеміз.

Дәурен Айманбет Аялдама

Адам өмірі аялдама іспетті. Балғын балалық, жалындаған жастық, бойынан қуат кеткен кәрілік кезеңдерінен тұрады. Бұл белестерде адам бөгеліп, өткеніне көз жүгіртіп, көңілге неше түрлі көріністі кестелейді. Ақын осы аралықтардағы көмескі тағдырдың пердесін ашып, белгісіз бекеттерді көргісі келеді. Яғни кітаптың «Аялдама» аталуының мән-мағынасы осында.





Сарманбай Исақов
Кешір мені, сүйіктім!

«Кешір мені, сүйіктім!» атты ғылыми-фантастикалық романында қызықты ғылыми болжамдар арқау етілген.

Тынымбай Нұрмағанбетов
Періштелердің өлімі

Кітап көпшілік қауымға арналған.

